

Қамыққан елін жырымен демеген ақын

Казанғап Байболұлы 1891 жылы қазіргі Туркістан облысы Төле би ауданы Үзынарық ауылында дүниеге келген. Халық ақыны. Сайрам мен Шымкент медресесінде білім алған, жәдидтік бағытта бала оқытып, үстаздық еткен. Жасынан ел ақындарын тыңдал, ауыз әдебиет үлгілерін бойына сініріп өсken. Ақындық сұрыппалма өнеріне

жетілу барысында қыршылық жолына түсіп, кисса-дастандарды жатқа айтқан. 1934 жылы халық ақыны ретінде Қазақстан жазушыларының тұңғыш сезінен қатысқан.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Қазанғап қамыққан елді жырымен демеп, рух беруші үтіші ақындардың алдыңғы сашында болды. Тарихшы ғалымдар Қазанғаптың жа-

дылық куатын білу мақсатында арнайы зерттеу жасап, “Еңсегей бойлы ер Есім” атты 152 беттік дастанынан 140 адам есімдері мен рулық-тайпалық атауларды, барлығы 256 жалқы есімді, “Төле бидің тарихы” атты 145 беттік дастанынан тиісінше 381 және 100, барлығы 481 жалқы есімді тақпана. Соңда 297 беттік екі дастанда 737 жалқы есім кездеседі екен. Дерекке бай-болов кын поэзиялық шыгарма үшін был ерекше көрсеткіш. Мұның өзі Қазанғаптың дүниетанымы мен ой ерісінің көндігін, есте сақтау қабілетінің мықтылығын көрсететін мысал. Қазанғап жалпы өз өмірінде көлемді 8 шыгарма жазған. Оның бәрін дерлік уақытында тиісті орындарға колжазба күйінде тапсырып отырған. Атап айтсақ: “Орта жуз Дауанасбай Өкірік Найман” дастанын 1934 жылы, “Египет ханы Абдулланың қызы Сайылжамал” дастанын 1934 жылы, “Шеризат

Кулшат” дастанын 1938 жылы, “Төрт дәрүіш” дастанын 1939 жылы, “Орқа-Күлше” дастанын 1939 жылы, “Төле бидің тарихы” дастанын 1941 жылы, “Еңсегей бойлы ер Есім” дастанын 1941 жылы, ал “Қарсыбай батыр” дастанын 1943 жылы ғылыми орталық кітапхана қорына тапсырған. Элі де үрлактарында жарияланбаған көптеген өлеңі мен тарихи жырлары бар. Қазанғап ақынның қазір де көптеген тарихшы ғалымдардың терен зерттеуін қажет ететін шыгармалары жетерлік.

**А.ӨСЕРБАЙ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университетінің аға
оқытушысы,
Л.АРИПБАЕВА, аға
оқытушы.**